

## "Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің аумақтық әскерлері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 459 қбпү бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 345 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 маусымда № 22937 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің аумақтық әскерлері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 459 қбпү бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15709 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Бас штабының Аумақтық қорғаныс департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

H. Ермекбаев